

«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі И.Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпыорта білім беретін мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательная школа имени И.Кутпанулы села Жибек жолы отдела образования по Аршалынскому району управления образования Акмолинской области»

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

27 сәуір 2022 жыл

№ 61

2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында 9 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №157 бұйрығына сәйкес және «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ - нің 25.04.2022 жылғы №90 - Б бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынандай мерзімдері бекітілсін
  - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу жылын – 2022 жылғы 25 мамырда аяқталсын;
  - 2) 9 сынып білім алушыларының қорытынды емтихандары 2022 жылғы 28 мамыр – 10 маусым аралығы;
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің 9 сынып білім алушылары үшін санитариялық талаптарды сақтай отырып мынадай мерзімдері бекітілсін:
  - 1) Қазақ /орыс тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан - 2022 жылғы 28 мамыр;
  - 2) Математика бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2022 жылғы 31 мамыр;
  - 3) Орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 03 маусым;
  - 4) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, әдебиет) Шет тілі (ағылшын /француз/неміс), информатика) - 2022 жыл 06 маусым;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылы аяқталсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектептің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хақимжановаға жүктелсін.

Мектеп директоры:  А.А. Туркестанбаева

